

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы балабақша	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ	Мектепалды даярлық				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Қыран» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	5-6 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Тоғызбаева Жақсыгүл				
Жоспардың құрылу кезеңі	05.09-09.09.2022				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі	05.09.2022	06.09.2022	07.09.2022	08.09.2022	09.09.2022
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатымен, дене қызуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бой, салмақ өлшеу.				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың күн режимі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Оқу қызметіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсаты. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсаты. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды,	"Орындықтарды жуу". Мақсаты. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтаны, олардың жұмысын	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсаты. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсаты. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

		оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.	құрметтеуге тәрбиелеу.		
	Үстел үсті ойыны. "Бұл үйде кімдер тұрады?" Мақсаты. Балалардың сөздік қорын арттыру, есте сақтау. Шарты. Тәрбиеші үй терезесінен отбасы мүшелерінің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды.	Санамақ. Бір дегенім - бесік, Шықтық содан өсіп. Екі деген - елім, Дала, туым, көлім. Үш дегенім - үміт, Үміт артар жігіт, Төрт дегенім - төзім, Төзе білем - өзім, Бес дегенім - бақыт, Бағалайтын уақыт. Жапсырудан ойын-жаттығу. "Анашымның тосабы" Мақсаты: балаларды тосапқа арналған ыдыс трафаретін түрлі-түсті және қатырма қағаз бетіне қарындашпен бастырып, нобайы бойымен кесіп алуға, екеуін бір-біріне	Үстел үсті ойыны. "Лото". Мақсаты. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Әрбір бала ортақ атаумен біріккен отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін жинайды. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Отбасы және туыстарым" Мақсаты: балалардың отбасы, оның мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау, туыстық жайында ұғымдар	Фотосуреттерді қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу. Құрастырудан ойын-жаттығу. "Балабақша - біздің үйіміз" Мақсаты: балаларды құрылыс материалдары: кірпіш және призмаларды пайдаланып балабақшаны құрастыруға үйрету.	Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз». Мақсаты. Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады. Ойын атрибуттары. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруға ұсынады. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Отбасында біз бесеуміз" Мақсаты: балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып,

		желіммен жапсыруға, алмалар және алмұрт трафаретін түрлі-түсті қағазға бастырып, тең ортасына бүктеп, бір-бірінің үстіне жапсыруға, дайын жемістерді тосапқа арналған ыдыстың бетіне жапсыруға үйрету. Жұмбақтар шешу.	беру; отбасының барлық мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Сөздік жаттығу: "Еркелету есімдері".		баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту. Қимылды ойын: "Тату-тәтті отбасы".
Таңертенгі жаттығу	Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, енді тақтадағы суретке қарап жаттығуларды орындайықшы! - «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде. 1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. - «Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады. 1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. - «Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру. 1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру; 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету; 3 - бастапқы қалыпқа келу.				

	- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде. 1 - екі қолды екі қапталға жаю; 2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру; 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру; 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде. 1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау; 4 - бастапқы қалыпқа келу - «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады. 1 - жұптар қолдарынан ұстап; 2 - жұптасып айналу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Арпа, бидай ас екен, Алтын, күміс тас екен.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.	Отбасы туралы мнемотехника бойынша тақпақ жаттау.	Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау.	"Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар қою. Жұмбақтардың	"Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап

				жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау.	ету.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "Буынға бөлейік" Мақсаты: балаларға сөз, буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын үйрету. Дидактикалық ойын: "Затты сипатта". Дене шынықтыру "Допты тез лақтырамыз" Мақсаты: балаларда сапта бір қатармен тұру, жүру; шашырап жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; қос қолмен допты жоғары, жіптің	Музыка "Оқу - білім азығы" Мақсаты: балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. "Қандай ырғақ?" музыкалық-дидактикалық ойын. Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "М. Төрежанов «Қамқорлық»" Мақсаты: қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, әңгімені мұқият тыңдауға, диалог сөздерді мәнеріне келтіріп айта білуге дағдыландыру. Мақал-мәтелдер.	Дене шынықтыру "Паровоз алдыға басып барады" Мақсаты: балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеуге үйрету. "Орнымызға тез жылдам!" қимылды ойыны. Сурет салудан ойын-жаттығу. "Мысық" Мақсаты: балалардың қарындашпен үй жануарлары мысықтың суретін	Сауат ашу негіздері "Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар". Мақсаты: сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын, дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Саусақ жаттығуы: "Өрмелеген өрмекші". Музыка "Сағындым, әже, сағындым" Мақсаты: балаларды	Дене шынықтыру "Төрт тағандап жүріп, допты баспен итеру" Мақсаты: балалардың сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау ережесін қалыптастыру; төрт тағандап жүріп, допты баспен итеруге үйрету. "Допты домалатып тез лақтыр" ойыны. Мүсіндеуден ойын-жаттығу. "Ағасы бардың жағасы бар" Мақсаты: балаларды түрлі-түсті ермексаздарды есу,

	үстінен лақтыруға үйрету. "Баскетбол" қимылды ойыны.		салу техникасын жетілдіру; мысықтың артқы аяқтарға басылып отырған мысықтың дене бөлшектерін үйлесімділікте орналастыруға үйрету. Ойын-жаттығу: "Бірдей мысықтың көлеңкесін тап".	нотамен таныстыру және нота атаулары туралы түсінік беру; әнді тыңдай отырып, мағынасын түсініп, сипатын ажырата білуге үйрету. "До – ре – ми" музыкалық-дидактикалық ойын.	домалақтау, жалпайту әдісін қолдана отырып, адамның мүсінін жасауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түрлі пішіндерді алақандарымен жасауды дамыту.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
Серуен	Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны бақылау. Мақсаты. Көкөністерге салыстырмалы талдау жүргізуге үйрету; көкөністерге тән ерекшеліктер туралы ойларын бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау.	Күзгі орманды бақылау. Мақсаты. Діңі мен жапырақтарының түсі бойынша қайың мен көктеректі ажырата білуге үйрету, ағаш бөліктері (діңі, бұтақтары, түбірі) туралы ойды бекіту; туған өлкенің	Ауа райын бақылау. Мақсаты. Өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: көкөністерді жинауға арналған	Торғайларды бақылау. Мақсаты. Торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын	Қайың ағашын бақылау. Мақсаты. Қайың ағашының белгілерін атау; оны басқа ағаштардан ажырату; ағаштың сұлулығына тамсануға деген ұмтылысты тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын

Зерттеу. Сәбіз бен қызылшаның тұқымын анықтау (түсі, мөлшері). Топқа отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып алу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы егінді жинау. Мақсаты. Көкөністерді қазуды үйрету; топта жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Көкөністерді ата". Мақсаты. Көкөністердің аттарын бекітіп, допты қағып алу іскерліктерін	табиғатына деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гербарий үшін көктерек пен қайың жапырақтарын жинау. Мақсаты. Жапырақтарды ажырата білуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Секірейік". Мақсаты. Ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды	ұжымдық еңбек. Мақсаты. Бірлесіп жұмыс жасауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қияр, қияр". Мақсаты. Белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, лақтыруға күш беру қабілетін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын тандау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін	қарапайым еңбек: қызылшаны жинау. Мақсаты. Жұмыс істеуге дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. “Құстар мен мысық”, “Қарғалар” (мөлшері 2-3рет). Мақсаты. Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға	қарапайым еңбек тапсырмалары: көкөністерді жинау. Мақсаты. Ұжымдық жұмыс істеуге үйрету; топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қояндар мен қасқыр". Мақсаты. Балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын тандау мүмкіндігін
--	--	---	--	---

	жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру. Мақсаты. Қимылдарды үйлестіруді дамыту.	дамыту. Мақсаты. Қимыл-қозғалыс көмегімен табиғатты аялауға тәрбиелеу; бөренелерден, тастардан, діндерден секіруге машықтандыру.	қалыптастыру.	баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				

шаралары	"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Отбасымда мен нешіншімін?" Мақсаты: балаларға ретті сан туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыру. Логикалық жаттығу: "Отбасы мүшелерінің бойлары бойынша қатарды құрастыр". Дидактикалық ойын. "Тергеушілер". Мақсаты. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.	Қазақ тілінен ойын-жаттығу. "Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі". Мақсаты: тәрбиеленушілерді амандасу, қоштасу кезінде қолданылатын сөз тіркестерімен таныстыру. Рөлдік ойын негізінде қарапайым диалогтерге арналған ауызша жаттығу. "Кел, ауысайық" Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі". Мақсаты. Балалардың сөздік	Вариативті компонент - Ағылшын тілі "How are you?" Мақсаты: "How are you?, I am fine, I am good, I am great, I am sad, Thank you!" лексикалық бірліктерін беру. Mnemonic "Cat". Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсаты. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын,	Вариативті компонент. Жас зерттеуші "Үй жануарларының төлдері (күшік)" Мақсаты: балаларды үй жануарларының бірі күшікпен таныстыру; ересектердің көмегімен күшікке қамқорлық жасай білуге дағдыландыру. Танграм әдісі бойынша "Қызықты бейнелер" ойыны. Дамытушы ойын. "Сынық телефон". Мақсаты. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа	Қазақ тілінен ойын-жаттығу. "Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем). Отбасы мүшелері. Мақсаты: өзінің аты, жөні, тегін, отбасы мүшелерінің аттарын атай білу қабілетін жетілдіру. Сюжеттік-рөлдік ойын: "Біздің отбасымыз". Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу". Мақсаты. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуда жаттықтыру; балалардың тыныс алу жүрйесін нығайту,

	Шарты. Педагог балаларға кезегімен түрлі заттарды көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты өздігінен алып, оған сипаттама береді. Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". Мақсаты. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің отбасыда атқаратын рөлі неде екендігін пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына	қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді. Сюжетті-рөлдік ойын.	тапқырлығын дамыту. Шарты. Жүргізуші. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. Сюжеттік-рөлдік	тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын	салмақтылыққа тәрбиелеу. Шарты. Педагог алғаншында жаттығуды санау арқылы өткізеді. Содан соң жиі немесе сирек (терең дем алу) тыныс алу жаттығуларын ұйымдастыруға болады. Жаттығуды жүргізуде белгілі санамақты немесе тақпақты, әнді айтқызып, жаттықтыруға болады. Театрландырылған қойылым. "Үйшік" ертегісі. Мақсаты. Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте
--	---	---	--	--	--

деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық-саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп жатады, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, алдын ала	"Үй құрылысы". Мақсаты. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Шарты. Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар	ойын. "Дәріхана". Мақсаты. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Дәрі-дәрмектердің ойыншық пішіндері, "Дәріхана" сөмкелері, ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог балалармен дәріханада қызмет	шығарып жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады. Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". Мақсаты.	сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, үйшіктің нақпішіні. Шарты. Педагог балаларға алдын-ала "Үйшік" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор тарапын педагог өзі алады, содан соңғы жағдайларда балалардың да арасынан автордың
---	--	--	--	---

	күн тәртібіндегі қандай оқиғаны сомдау қажет екендігін анықтап жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.	жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып	ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек көрсетуге арналған қандай құралдардың сатылатынын анықтайды. Балалар өзара дәріханашы мен профизор рөлдеріне қатысуды білдіреді, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды тұтынушылар дәріханаға келіп, бастайтынын айтады.	Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және нақпіншіндері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді	рөлін сомдайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне шамалы талдау жасатады.
--	--	--	--	---	---

		жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.	Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады.	қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонында қызмет ететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен татанысады. Дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қандай маман қандай құралдарды қолданатынын түсіндіреді. Балалар сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды	
--	--	---	---	---	--

				таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады. Педагог мамандарға өз орындарын дайындап отыру жайында, ал тұтынушылар өз мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетіндегі суретті көрсету арқылы айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиынақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады.	
Балалармен жеке жұмыс	"Менің отбасым", отбасы	"Отбасы" тақырыбында	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.	"Отбасы" тақырыбында	Санамақтар айтқызу.

	тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу. Мақсаты. Балалардың тілдерін дамыту; отбасы туралы білімдерін жетілдіру.	санамақтар айтқызу. Мақсаты. Балалардың тілдерін дамыту. Мысалы: Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортаң терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде - бесеуіміз.	Мақсаты. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады.	санамақтар айтқызу. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым -а там, Балаң үйрек - апам, Ортаң терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде-бесеуіміз.	Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің. Нешеу болды, қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ - балапанын. (М. Қуанышбеков)
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
Серуен	Еркін ойындар, ауа райын бақылаулар.				

Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Еркін ойындар. Сюжетті-рөлдік ойындар. Театрлық қойылымдар. Көлеңке театры. Арт-терапиялық суреттер бояу. Театрлық қойылым. "Алма" ертегісі. Мақсаты: балалардың естеріндегі әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. Алма ағашының пішіні, ертегіге қатысатын кейіпкерлердің (қоян, қарға, аю, кірпі) киімдері, маскалары. Шарты. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор рөлін педагог өзі алады, балалардың арасынан автордың рөлін орындйтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу .«Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу».
--	--

Әдіскер: **А.А.Сулейменова**